

Ер есімі - ел есінде

(Амангелді Имановтың Торғайдағы көтерілістегі рөлі)

Тәуелсіздік алғанға шейін қазақ халқының басынан небір қилы заман өтті. Әртүрлі соғыстарды да, ашаршылықты да, зорлық-зомбылықты да көрді. Өсіресе Ресейдің қол астына көшкен кезде, патша өкіметінің та-рапынан көптеген әділетсіздіктерге ұшырады.

Олар қазақ халқының әртүрлі сылтаулармен жерін, малын алып, көп қазақтарды жерсіз, күн көріссіз қалдырды. Көп мөлшерде салық салып, өз жерінде емін-еркін жүруге де мүрсат бермеді. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы «қазақтардың өз жерінде тұруы проблемаға айналды» деген еді. Тіпті 1916 ж. 25 маусымда II Николай «19 бен 43 жас аралығындағы қазақтарды тыл жұмысына алу» деген жарғы шығарып, азаматтарымызды да алғысы келді. Бұл жағдай қазақ халқының әбден мзасына тиіп, шыдамының шегіне жетіп, 1916ж. Ұлт-азаттық көтерілісіне алып келеді. Бұл жағдай Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі болып табылады. Көтерілістің ірі ошақтары Торғай мен Жетісу маңында болып өтеді. Әсіресе Торғай маңында болған қозғалыс қарқынды жүріп, казак әскерлеріне тиісті жауап беріп отырды. Мұрағаттық мәліметтерге сүйенсек, көтерілістің қызған шағында, көтеріліс отрядтарының саны 50 мыңға жуық адамды құраған екен. Көтеріліс жылдарында Амангелді Имановтың тапсырмасы бойынша халықтан 100 бас ірі кара малдан бір бас есебінен, 25 бас ұсақ малдан бір бас есебінен мал, шаруа қожалығынан 3 рубль және бай шаруашылығынан 100-500 рубль жиналады. Сонымен қатар, бұл алымдардан бас тартқан жағдайда, мәжбүрлеу тәртібімен өндіріліп алынды. Ауылдарда ұсталар бірігіп, темірден, мыстан көтеріліске қажетті сауыт-саймандар жасалынды. Мысалыға, көтеріліс кезінде сар-

баздарды қару жаракпен қамтамасыз еткен шеберлерге - Амангелді Имановтың туған ағасы Бектепберген ұста Үдербайұлын, Тайшық ұста Момынуұлын, Сейітқасым Жамбытұлын, Баязит Төлегенұлын жатқызуға болады. Бұл қолынан өнер тамған ұсталардың да Торғайдағы көтерілістегі рөлі айрықша. Себебі көтерілісте бір адамның ғана емес, қаншама жанның еңбегі, өмірі кетті. Мыңдаған ұйымдаспаған көтерілісшілердің ішінен Амангелді Иманов қатаң иерархиялық бағынышты және ондаған, елуінші, жүздеген және мыңдаған әскери отряд құрды. Әрбір бөлімшенің басында өз бастықтары - ондықтар (онбасы), елу десятниктер (елубастар), сотниктер (жүзбасы) және мыңдықтар (мыңбасы) тұрды. Сондай-ақ мергендердің арнайы жасағы құрылды. Осындағы мыңбасы мергендер жасағын әйгілі құлан Кейкі батыр басқарды.

Амангелді Иманов әртүрлі болыстарда кедей халықтан құралған төңкеріс топтарын ұйымдастырады. 1915-1916 жылдары Амангелді Атбасар, Ырғыз, Қостанай уездерінің қазақтарымен байланыс орнатады. Осы уездердің жігіттерімен көтеріліс жағдайына, қай жерде тоқтауға, байланысты қалай ұстауға, азық-түлікті, оқ-дәрілерді қандай жолмен алуға болатынын уағдаласып, ақылдасады. Осылайша ол казак әскерлері мен қазақ солдаттарының қару-жарақ және адам саны жағындағы айырмашылыққа қарамастан әртүрлі соғыс тактикалары мен айдаларын ұтымды қолдана білді. Бұндай ұтымды соғыс тактикалары Үрпек-Доғал шайқасында, Шошқалы шайқасында айқын көрініс тапқан. Бұл жерде Амангелді Имановтың жаңсы стратег және дарынды ұйымдастырушы өкелдігінен хабардар береді. Ал, оның ұйымдастырушылық қасиеті, қазақ халқының басын қосып, бірігіп әрекет етуіне сеп болды. Бұл көтерілісте тек қазақ халқы ғана емес, қырғыз, орыс халықтары да белсене қатысты. Көтеріліске басқа ұлт өкілдерінің



қатысуы қозғалыстың негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Ол көтеріліс ұйымдастырумен қоса революциялық көтеріліс кезінде Амангелді Атбасар мен Көкшетау жеріне барды. Ол ауылдарда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, Атбасар және Көкшетау уездерінің қазақтары өз жерлерінен айырылғанын айтады. Осылайша қазақ халқының көзін ашып, әділетсіздіктерге немқұрайлы қарамау керектігіне көз жеткіздіріп, намысын, рухын, жігерін оятқысы келді.

Мақаламды қорытындылай келе, Амангелді Иманов өз Отанын шынайы сүйіп, халқының бақыты үшін күресе білген, 1916 ж көтерілістің шынайы көсемі бола білгендігін атап өткім келеді. Оның отанына деген сүйіспеншілігінің ешбір жаудан қорықпайтындай күш бергені, оның патриоттық сезімінің орасан зор екендігін көрсетеді. Ол елінің болашағын ойлап, көтеріліске барды. Бір сөзінде ол, «Егер біз бостандыққа қол жеткізсек, онда бізде де білімді меңгеру мүмкіндігі болады. Біз де өркеніетті халық болар едік» деген екен. Осы сөзінен - ақ ұрпақтарының білімді болып өскендігін қалағанын көруге болады. Оның сол кездегі егемендікті алу арманы бүгінгі таңда орындалып отыр. Қазіргі күні ұрпақтары тәтті білім сусынымен сусындап отыр. Амангелді Иманов есімі халық жадында, ел тарихында мәңгі сақталатын болады.

Диана ЖАРМАҒАНБЕТОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның 9 «Ә» сынып оқушысы.